КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2025 жылғы 02 желтоқсан №1912-25-00-2/2828 Қонаев қаласы
Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

төрағалық етуші судья Б.А.Қожахметов,

хатшылыққа Д.Даниярқызын ала отырып,

талап қоюшының сенімхат негізінде әрекет ететін өкілі Қ.Ошайдың қатысуымен, алдын ала сот отырсында, талап қоюшы «Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ЖК «РЕДЖЕПОВ» атынан әрекет ететін Махамат Эштаевич Реджеповқа қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

2025 жылдың 23 қыркүйегінде «Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ-сі (бұдан әрі Мекеме) мен ЖК «РЕДЖЕПОВ» атынан әрекет ететін Махамат Эштаевич Реджепов (бұдан әрі –Өнім беруші) арасында №89 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған және қазынашылық департаментінде 2025 жылдың 23 қыркүйегінде тіркелген. Аталған шартқа сәйкес «149 Өзге де қорларды сатып алу» ерекшілігі бойынша 112792,11 теңгеге мекеменің логотипі бар, дизайнымен күнделік дайындалып, Өнім берушімен Тапсырыс берушіге жеткізіліп берілуі тиіс болатын. Алайда, жауапкер өзіне алған міндеттемені орындамаған, аталған қызметті көрсетпеген. Сонымен қатар Өнім беруші тарапынан шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы енгізілмеген. Мекеме жоғарыда аталған талап арызбен сотқа жүгініп, шарт бойынша өзіне алған мендеттемелерді тиісті түрде орындамағаны үшін Өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Алдын ала сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады, сонымен қатар жауапкердің шарт бойынша шарттың орындалуын қамтамасыз ететін сомманы төлемегенін көрсетті.

Жауапкер алдын ала сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарлансада оған қатыспады, оның себебін хабарламады. Сот оның қатыспау себебін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 196 бабы 4 бөлігіне сәйкес істі оның қатысуынсыз қарады.

Талап қоюды қарап, тараптарды тыңдан, іс құжаттарын зертеп, сот төмендегідей тұжырымға келді.

Сот анықтағандай тараптар арасында жоғарыда аталған Шарт жасалынған.

Документ подписан: Кожахметов Б. А., 02.12.2025

1912-25-3-1/3218

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 3.1 тармағына сәйкес Орындаушы Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 5349.90 теңгеге тең 5 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізуге міндеттенеді.

Алайда, жауапкер өзіне алған міндеттемелерді тиісінше орындамаған, көрсетілген қаражат көрсетілген уақытта енгізілмеген.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 17 бабы 5 тармағы бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 8 бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген, яғни жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін уәкілетті орган тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырады.

Осылайша, әлеуетті өнім беруші жеңімпаз атанып, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізбеген жағдайда әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылып жосықсыз қатысушылардың тізіміне өнім берушінің шешімімен енгізіледі, соттың шешімісіз.

Сол себептен, тапсырыс беруші жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу үшін уәкілетті органға жүгінуі қажет.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 277 бабының 1) тармақшасына сәйкес, сот, егер іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Көрсетілген себептерге байланысты азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылуға жатады.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде АПК-нің 277, 268, 269 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ЖК «РЕДЖЕПОВ» атынан әрекет ететін Махамат Эштаевич Реджеповқа қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы бойынша іс жүргізуі тоқтататылсын.

Ұйғарымға ұйғарым түпкілікті нысанда дайын болған күннен бастап он жұмыс күн ішінде Алматы облысының мамандандырылған экономикалық соты арқылы Алматы облысының азаматтық істер

Документ подписан: Кожахметов Б. А., 02.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бойынша сот алқасына жеке шағым немесе прокурормен өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Кожахметов Б.А.

Документ подписан: Кожахметов Б. А., 02.12.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -